

Ж. А. Шалабаев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы, саяси ғылымдарының докторы, профессор

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ЖҮРГІЗУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Адам өркениетінің қалыптасуы және дамуы адамдардың сана-сезімінің өзгеруімен тең келеді. Қазіргі қоғамда дәстүрлілік көзқарастың қоғамдық білімді дамытудағы рөлі басты нысанаға айналып отыр. Бұл жағдай гуманитарлық білімнің рөлін жаңа кезеңге көтергенмен іспеттес. Сондықтан тақырып мазмұнының критерийлері келесі ерекшеліктермен анықталады. Ол:

1. Қоғамның ең маңызды сегменті болып табылатын білім жүйесінің реформалауы, әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты іс-әрекет.
2. Жоғары білім деңгейінің реформасы — ол елдің жалпы білім беру саласының реформалауы бағытталған стратегиялық акт.
3. Реформалау халықаралық бағалау критерийлерімен санасады.
4. Білім жүйесінің өзгеру сипаты құрылымдағы, бағалаудағы, мазмұнындағы ... — қоғамдағы құндылықтармен анықталады.
5. Білім нәтижелерінің жаңа парадигмасы болып табылатын ортақ, яғни қайнаркөздік құзыреттер қарастырылады.

Жоғары білімнің басты қозғаушы күші және мақсаты қоғам тұтынуының басты маңызды мәселелері мен мақсатарына негізделуі тиіс. Білім беруде жаңа технологияларға сүйене отырып, аймақтық және жалпы мәдени процесс тетіктерімен байланыстыруымыз қажет. Бұл процесте гуманитарлық білім тұлғаның дамуында басты орындардың бірі болып саналады.

Гуманизация мақсатында басты нысана гуманитаризация болып табылады және мәдениетке тәрбиелеу, эмоция және өмірлік құндылықтар мен бағыттарды жүйелеу басты назарда болуы тиіс.

Кейбір жас мамандар, азаматтар және жоғары білім алушылар өздерінің нашар гуманитарлық білім деңгейінің негізінде елде болып жатқан тарихи үдерістер мен әлеуметтік-мәдени заңдылықтарға, әлемдік және отандық мәдениеттің және қоғамдағы саяси институттардың қызметтеріне дұрыс объективтік баға бере алмайды.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда белсенді қызметкер тұжырымдамасы бүгінгі таңда нақты міндеттерді орындауды ескеріп отыр. Сол себепті еңбек барысында құқық қорғау органдары белгілі бір аумақта ғана ойлайтын қызметкерлерді жоққа шығарып, керісінше жан-жақты, ой-өрісі кең қызметкерлер керек екенін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Сол себепті адам психологиясын өзгертудің арқасында оған тұлғалық педагогикалық ықпал ету, жалпы адамдық және моральдық жағынан ықпал ету шарт. Гуманитарлық пәндер өз негізінде тұлғалық принциптерді қалыптастыруға, интеллектуалдық және рухани көзқарасты дұрыс жолға қоюға, саяси-әлеуметтік тұрғыдан ойлауға ат салысуы міндетті.

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында гуманитарлық пәндерді оқытуда негізгі талап бұл, құқық қорғау органдар қызметкерлерінің кәсіби мамандықтарын жетілдірумен қатар оларға саяси және әлеуметтік-мәдени, экономикалық пәндер мазмұндарын және оқытудың әдістерін ашып көрсету. Сонымен қатар, осы мақсатта жаңа әдістермен оқыту тәсілдерін қолдану. Бұл пәндер тыңдаушыларды отанына және еліне деген патриоттық сезімін оятуға, өзіндік тәртіпке, жауапкершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу керек.

Жоғарыда айтылған мақсаттарға жету үшін көптеген ғылымдар жетістіктерінің басын біріктіру қажет. Бұл жағдайдың әдістемелік бағдары әртүрлі ғылымдардың өзіндік ерекшеліктері мен құрылымдарын бір арнаға толостату. Философия, Мәдениеттану, Заңгерлердің кәсіби этикасы, Саясаттану, Әлеуметтану, Қазақстан тарихы, Экономикалық теория негіздері, Экология, Қақтығыстану сияқты ғылымдардың заңдылықтары мен күрделі үдерістер анықтамасын айқындауды игеруге мүмкіндік береді.

Тұжырымдама бағдарын алсақ, ол өзінің негізінде курстың мақсаты мен міндеттерінің ережелер жиынтығына негізделеді де, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және тәрбиелік бағытта болады, сонымен қатар ақпараттық, кадр мен материалдық техникалық қамтамасыз етіледі.

Тұжырымдама жоғары оқу орнының, яғни бізге келсек, Академия дамуының бағдарламаларына және соған байланысты қоғамдық ғылым реформаларының қызметін жетілдіруге арналу қажет.

Әлеуметтік-гуманитарлық курстардың оқыту мақсаттары мен міндеттерін алсақ, олардың да ерекшеліктері бар. Алдымен, Академияның гуманитарлық оқу процесінде және құқық қорғау органдарының кәсіби біліктілігін арттыруда Академия түлектерін кәсіптендіруге дайындау.

Курстардың стратегиялық мақсаты ретінде тыңдаушылардың жаңаша ойлау, білікті көзқарас, саяси, рухани эстетикалық және құқықтық мәдениетінің, сонымен қатар гуманизм және әлеуметтік әділеттілікті қалыптастыруға құлшыныс білдіруі қажет.

Курстардың тактикалық мақсаты ретінде тыңдаушыларды философиялық, тарихи, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және құқықтық білім жүйелерімен қаруландыру болып табылады. Бұл жүйелер мен тәсілдер ПО қызметкерлерінің қызметінде қолданыста, демократиялық және зайырлы мемлекет құруда, азаматтық қоғамды қалыптастыруда басты рөлге ие болады.

Міндеттеріне келетін болсақ, ол ғылыми философиялық, әлеуметтік-тарихи, саяси және экономикалық, мәдени білімі бар жалпы қоғамдық санасы дамыған, салауатты өмір салты туралы түсінігі бар гармониялық және жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау. Тыңдаушыларды саяси, экономикалық, мәдени заңдылықтары мен механизмдерімен қамтамасыз ету. Сонымен қатар, алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуге үйрету.

Ерекше болып табылатын ол әлеуметтік-гуманитарлық курстардың оқыту мазмұны. Бүгінгі таңда осы бағытқа жаңа талаптар қойылуда. Бұл талаптар өзгеру жағдайында және қалыптасу барысында қоғамдық құндылықтармен есептесу; өз бастамасын ұлттық, тарихи-мәдени және қоғамдық құндылықтардан алу керек; құқық қорғау органдарының жұмысы барысында жаңа әлеуметтік құқықтық, психологиялық-моральдық жағдайына мән беруі шарт. Оқыту мазмұны теориялық және қолданбалы ғылыми нәтижелердің арқасында қалыптасуы тиіс. Әлеуметтік-экономикалық пәндердің басты әдістемелік құрылымы болып Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан-2030 стратегиясы болып табылады. Отандық дәстүр, әлемдік тәжірибе және тұрақты даму принциптері негізінде білім мазмұнының құрылымын жаңарту, білім беру процесін оқу-әдістемелік ғылыммен қамтамасыз етуді жетілдіру,

білім мен ғылымды ұштастыруы, мәдени тарихи құндылықты тусінуі, Қазақстан Республикасының саяси өмірі туралы ақпаратты меңгеруі тиіс.

Әлеуметтік-гуманитарлық курстардың тұжырымдамалық негізінде оқытудың әдістемелік қамсыздану бағыты оқытушы құрамасынан ықпалды назар болуды талап етеді.

Біріншіден, пәндерді оқыту процесі екі тілде жүзеге асырылуы қажет. Оқу процесі мынандай қосымша әдістермен жүзеге асады:

- проблемалық дәрістер, тәжірибелік сабақтар, дөңгелек үстелдер, жағдайлық ойындар, өзіндік жұмыс және т. б.

- оқытудың тәжірибелік бағыты әлеуметтік жаңа жетістіктерді, құқық қорғау органдарының басшылары мен мамандарын сабаққа тарту, қылмыскерлермен күрес ұйымдарының алғы тәжірибесін қолдануды қамтамасыз етеді және жеке тәжірибенің арқасында іске асады.

Сонымен қатар, бейнефильмдер мен теледидар қолданылады. Әдістемелік көп түрлілік дидактикалық мақсатпен және кафедра дамуының жетістігі мен тәсілі арқылы көрініс табады.

Ал қандай бағыттарда философия және әлеуметтік-экономикалық пәндер курсы бойынша тыңдаушылардың білімін және тәжірибесін жетілдіруін қалыптастыру жұмысы жүргізіледі деген сұраққа жауап іздесек ол келесі мәселелерге көңіл бөлуді талап етеді. Яғни, оқу курстарын оқыту барысында Академия тыңдаушылары мынандай ерекшеліктерді білу керек:

- пәндердің оқытылу мақсаттары мен міндеттері;
- Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы жаңа реформалардың негізгі бағыттары, еліміздегі мемлекеттік органдар жүйесіндегі ПМ орны;

- оқытылатын пәндердің басты заңдары мен санаттары, жалпы әдіснамалық, гуманистік және гуманитарлық мәселелерді сараптау, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтары;

- батыс еуропалық және шығыстың классикалық мұраларының ғылыми ойлары;
- ПМ жеке құрамының кәсіпқой дайындығының әдістері мен нысандары, мазмұны, мақсаттары;
- ұжым мен жеке адамның моральдық психологиясы;
- «Көлеңкелі экономика» және экономикалық қылмыстардың болу себептері, сонымен қатар олармен күрес мәселесі;

- мемлекеттік институттардың қоғамдық бірлестіктерінің саяси негізі;
- еліміздің дамуындағы этно-мәдени білімнің рөлі мен орны;

- ПМ қызметкерлерін кәсіби дайындаудағы оқыту процесінің құрылымдық элементтері;

- тәрбие жұмысының әдістері мен нысандары, негізгі бағыттары және мәні;
- органның бақылауындағы аймақтың әлеуметтік-саяси және психологиялық жағдайын игеру тәсілдері;

- ПО бөлімдеріндегі жас қызметкерлердің әлеуметтік-кәсіпқой бейімделуі және психология-педагогикалық, моральдық жағдайларға бейімделу факторлары;

- Қазақстан халықтарының материалдық, рухани құндылықтары және олардың құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершілік қасиетін қалыптастырудағы рөлі;

- азаматтармен қарым-қатынастағы әртүрлі әдіс-тәсілдері.
- шиеленістік жағдайларды болдырмау және оларды алдын алу әдіс-тәсілдері.

Әлеуметтік-гуманитарлық курстардың тұжырымдамалық контекстінде келекшектегі маман не істей білуі қажет мағынасында сөз қозғасақ алты бағытты ерекше атауымыз қажет. Ол:

1. Адам факторын анықтаудағы негізгі қызметтік міндеттерді шешу әрекетін білу: адамдар арасындағы қатынастар құндылығын білу, сонымен қатар саяси қоғамдық, діни ұйымдармен, мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдармен жұмыс істей білуі қажет.

2. Аймақта ішкі істер органдарында қызмет көрсететін территорияда арнайы кәсіби шаралар өтетін уақыттарда әлеуметтік саяси және әлеуметтік психологиялық жағдайды білу.

3. Жеке құраммен жұмыста философия, тарих, кәсіби этика, саясаттану, мәдениеттану ғылымдарын оқыту. Құқық қорғау органдарында қоғамдық көзқарастарды, ұжымдағы моральдық-психологиялық климатты, өзара қарым-қатынастарды ұштастыра білуі.

4. Сабақ өткізуде қызметкерлерді саяси-құқықтық және кәсіби дайындық жүйесінде педагогика, психология, этика және басқа да ғылымдарды оқытуды қолдану.

5. ПМ қызметкерлері адам құқықтары жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу.

6. Саясаттандырылған қоғамдық құрылым өкілдерімен пікір-таластар өткізу.

Резюме

В статье автор рассматривает проблемы формирования концептуальных основ преподавания дисциплин социо-гуманитарного цикла в контексте современных требований в сфере предоставления образовательных услуг.

Resume

In the article the author considers conceptual bases of teaching of social-gumaniral disciplines.